

Бейнеу ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2013 жылғы 25 қарашадағы № 18/120 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 13 желтоқсанда № 2318 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2017 жылғы 30 қазандағы № 18/145 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 30.10.2017 № 18/145 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне , Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1.Қоса беріліп отырған:

1) Бейнеу ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары;

2) Бейнеу ауданында шартты ақшалай көмек көрсетудің Қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 24 шілдедегі № 6/42 "Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына көрсетілетін әлеуметтік көмектің түрлері

туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11-3-139 болып тіркелген, 2012 жылғы 30 тамыздағы № 35(2058) аудандық "Рауан" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының әлеуметтік қорғау, заңдылық, құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (комиссия төрағасы Н. Хайруллаев).

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Қ. Тарғынов

Аудандық

мәслихат хатшысы

А. Ұлұқбанов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Бейнеу аудандық қаржы және экономика бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. Нысанбаев

25 қараша 2013 жыл.

"Бейнеу аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

Б. Өмірбеков

25 қараша 2013 жыл.

Бейнеу аудандық мәслихатының
2013 жылғы 25 қарашадағы № 18/120
шешімімен бекітілген

**Бейнеу ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың
Қағидасы**

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы (бұдан әрі-Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6 бабының 2, 3 тармақтарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының

тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 504 Қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы қағида әлеуметтік көмек көрсетуді, оның мөлшерін белгілеуді және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

3. Осы қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) атаулы күндер – Қазақстан Республикасының тарихына ықпал ететін және жалпы халыққа бірдей тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалар;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдай болғанда әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша аудан әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ең төменгі күнкөріс деңгейі – Маңғыстау облысы бойынша статистикалық органы есептейтін, мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

4) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

5) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) өмірлік қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол оны өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

7) уәкілетті орган - әлеуметтік көмек тағайындау және төлеуді жүзеге асыратын - "Бейнеу аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

8) уәкілетті ұйым - "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы " коммерциялық емес акционерлік қоғамының Маңғыстау облысы бойынша филиалы - "Әлеуметтік төлемдерді ведомствоаралық есептеу орталығы" департаменті;

9) әлеуметтік көмекті төлейтін уәкілетті ұйым – қаржы нарығын және ұйымдарын қажетті банк операцияларын реттейтін және қадағалайтын уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар;

10) учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін тиісті әкімшілік – аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

11) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері.

Осы Қағидада қолданылатын басқа да ұғымдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген мазмұнында қолданылады.

Ескерту. 3 - тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.06.2016 № 3/23(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.09.2016 № 6/43(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен;

4. Осы Қағида әкімшіліктік-аумақтық бірліктерге сәйкес Бейнеу ауданынды тұрақты тұратын мұқтаж азаматтардың жекелеген санатындағы тұлғаларға қолданылады.

5. Әлеуметтік көмек өмірлік қиын жағдай туындағанда, сондай-ақ атаулы күндер мен мерекелік күндерге мұқтаж азаматтардың (бұдан әрі - алушылар) жекелеген санаттарына заттай немесе ақшалай түрде көрсетіледі.

6. 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілген жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20 бабында және 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидада көзделген тәртіппен көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мерзімді (ай сайын, тоқсан сайын, жылына 1 рет) көрсетіледі.

8. Учаскелік және арнайы комиссиялар өз қызметін Маңғыстау облысы әкімдігі бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

Арнайы және учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережелерді орталық атқарушы орган бекітеді.

2. Әлеуметтік көмек мөлшерін белгілеу және әлеуметтік көмек алушылардың санаттарының тізбесін айқындау тәртібі

9. Әлеуметтік көмек жылына бір рет атаулы күндер мен мерекелік күндерге табыстарын есепке алмай, келесі мөлшерде көрсетіледі

1) 22 наурыз – Наурыз мерекесі:

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен және бұрынғы КСР Одағының "Батыр ана", "Аналық даңқ" (1, 2, 3 дәрежесі) ордендерімен, "Аналық медалі" (2 дәрежесі) медалімен марапатталған көп балалы аналарға - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш.

2) 26 сәуір – Чернобыльдағы АЭС апат күні:

Чернобыльдағы АЭС апатын жоюға қатысушы мүгедектерге – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

1986-1987 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатын жоюға қатысушыларға - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

1988-1989 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатын жоюға қатысушыларға - 20 (жиырма) айлық есептік көрсеткіш;

3) 9 мамыр – Жеңіс күні:

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға (Чернобыльдағы АЭС апатын жоюға қатысушы мүгедектерден басқа) – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдарға (1986-1989 жылдардағы Чернобыльдағы АЭС апатты жоюға қатысушылардан басқа) – 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған тұлғалар, сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусым - 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (әскери қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері және ата-аналарына, сонымен қатар "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" 1999 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 4 бабының 3, 4 тармақтарында көрсетілген адамдарға – 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш;

Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарға – 20 000 (жиырма мың) теңге;

Батыр қалаларға және әскери Даңқ қалаларына, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумағындағы шайқас болған жерлерге, сонымен бірге қазақстандық жауынгерлер жерленген жерлерге, ҰОС-ның ардагерлері, ҰОС-да қаза тапқан майдангерлердің отбасы мүшелері, туыстарының баруына (бұдан әрі - Зиярат ету), өтініш бойынша, шайқаста қайтыс болған жауынгердің отбасынан бір адамға, 2015 жылы зиярат етуге барған азаматтардың жол жүру, тамақтану және тұруының нақты шығындарына, бірақ 150000 (бір жүз елу мың) теңгеден артық емес мөлшерде (барып келу сапарының уақытын (күнін) шектемей);

Зиярат етуге 2015 жылы барған ҰОС-ның ардагеріне ілесіп жүрген бір адамның шығынын өтеуге – 150000 (бір жүз елу мың) теңгеден артық емес мөлшерде.

4) 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституциясы күні:

асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы (балаларға) алушыларға - әр бір балаға 10 (он) айлық есептік көрсеткіш;

Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға – 60 (алпыс) айлық есептік көрсеткіш;

Маңғыстау облысы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін дербес зейнетақы тағайындалған тұлғалар Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасында арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңына сәйкес арнаулы мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алмайтын санатындағы тұлғаларға – 36 (отыз алты) айлық есептік көрсеткіш;

"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен және бұрынғы КСР Одағының "Батыр ана", "Аналық даңқ" (1, 2, 3 дәрежесі) ордендерімен, "Аналық медалі" (2 дәрежесі) медалімен марапатталған көп балалы аналарға - 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш.

5) Қазақстан халқының бірлігі күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні, Наурыз мейрамы мемлекеттік мерекелеріне және Қазақстан Республикасының мүгедектер күніне орай мүгедектерге - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

6) 1 қазан – Халықаралық қарттар күні:

жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар және 70 жастан жоғары жалғызбасты зейнеткерлерге - 4 (төрт) айлық есептік көрсеткіш;

7) алынып тасталды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 24.11.2014 № 28/193 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8) Халықаралық балаларды қорғау күніне мүгедек балаларға және 18 жасқа дейінгі бала жастан мүгедектерге - 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш;

9) алынып тасталды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 25.10.2016 № 7/54 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10) 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні: 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында зардап шеккен және сот шешімімен ақталған қатысушыларына - 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш

Ескерту. 9 - тармаққа өзгерістер енгізілді - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 21.04.2014 № 23/157; 24.11.2014 № 28/193 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.02.2015 № 30/211 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін

күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.06.2016 № 3/23(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.10.2016 № 7/54 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен;

10. 18 жасқа дейінгі үйде оқитын мүгедек балаларға әлеуметтік көмек табысы есепке алмай ай сайын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерде көрсетіледі.

11. Әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын тұлғаларға өтініштері бойынша, мемлекеттік зейнетақы немесе мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы берілмеген кезде, табыстарын есепке алмай 26 (жиырма алты) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, жылына бір рет әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.06.201 № 3/23(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

12. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зиян келтірілген тұлғаларға, өтініш бойынша, табыстарын есепке алмай, өмірлік қиын жағдай туындаған кезден бастап 6 айдан кешіктірілмей 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 24.11.2014 № 28/193 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

13. Өтініш берген тоқсан алдындағы Маңғыстау облысы бойынша кедейлік шегінен төмен жан басына шаққандағы орташа табысы бар отбасылардың тұлғаларына тұрмыстық қажеттіліктерге, емделуге, дәрі – дәрмек алуға, отбасының бір мүшесі қайтыс болуына байланысты, өтініш бойынша, бір жолғы әлеуметтік көмек көрсетіледі. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындайды және оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындыда көрсетеді. Шекті шама 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіштен аспауы керек.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 24.11.2014 № 28/193 (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

14. Өткен жылдарда әлеуметтік көмек тағайындалған студенттерге оқу мерзімі аяқталғанға дейін, білім беру қызметіне жергілікті бюджет қаражаты шегінде жылына бір рет әлеуметтік көмек төленеді және де ай сайын бөліп төлеу арқылы ішінара тамақтану мен тұру шығындарын жабатын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ескерту. 14 - тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

14-1. Бала кезінен мүгедектерге, ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған жетім балаларға және жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған балаларға, таңдаған мамандығына шектеу қоймай, Қазақстан Республикасының кез келген жоғарғы оқу орындарында оқу ақысын төлеу үшін және ай сайын тамақтану және тұру шығындарын ішінара жабатын 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Ескерту. Шешім 14-1 тармақпен толықтырылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 25.10.2016 № 7/54 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

3. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

15. Атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек алушылардан өтініштер талап етілмей Орталықтың немесе өзге де ұйымдардың ұсынған электрондық тізімдері бойынша көрсетіледі.

Атаулы күндер мен мереке күндерге әлеуметтік көмек алуға құқығы барларға, алайда Орталық тізімінің электрондық нұсқасына қандай да бір себеппен енгізілмей қалғандарға, Орталық қосымша жазбаша тізім ұсына алады.

16. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өз атынан немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе кенттің, ауылдың, ауылдық округтың әкіміне келесі құжаттардың қосымшасымен өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатты;
- 2) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты;
- 3) осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес тұлғаның (отбасының) құрамы туралы мәліметтерді;
- 4) адамның (отбасы мүшелерінің) алған табыстары туралы мәліметтерді;
- 5) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын құжатты және/немесе актіні;
- 6) әлеуметтік көмек төлейтін уәкілетті ұйымдағы банк шоты нөмірін растайтын құжатты.
- 7) туу туралы куәлікті (жоғары оқу орындарындағы студенттерге)
- 8) білім беру қызметінің келісім шартын (жоғары оқу орындарындағы студенттерге);

Өмірлік қиын жағдайдағы адамның (отбасының) мүддесіне байланысты адамның (отбасының) өздігінен хабарласа алмауының себебін көрсетіп, әлеуметтік көмек көрсетуге хабарласа алады:

- 1) отбасының ересек мүшесі;
- 2) қамқоршы (сенімгер);
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларына сәйкес сенім жүктелген тұлға.

17. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

18. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш келіп түскен кезде уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімі бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жібереді.

19. Учаскелік комиссия құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағиданың 2, 3 қосымшасына сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кенттің, ауылдың, ауылдық округ әкіміне жолдайды.

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі учаскелік комиссияның актісі мен қорытындысын алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оларды қоса берілген құжаттармен уәкілетті органға жібереді.

20. Әлеуметтік көмек көрсету үшін құжаттар жетіспеген жағдайда уәкілетті орган әлеуметтік көмек көрсетуге ұсынылған құжаттарды қарау үшін қажетті мәліметтерді тиісті органдардан сұратады.

21. Өтініш берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда уәкілетті орган тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

22. Уәкілетті орган учаскелік комиссиядан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

23. Арнайы комиссия құжаттар келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытынды шығарады, оң қорытынды болған кезде әлеуметтік көмектің мөлшерін көрсетеді.

24. Уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттармен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 22 және 23 тармақтарында көрсетілген жағдайларда, уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округтің әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

25. Уәкілетті орган шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылдаған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

26. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 20.09.2016 № 6/43 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Отбасының жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі №237-ө "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес есептеледі.

Ескерту. 27 - тармақ жана редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Әлеуметтік көмек тағайындаудан бас тарту келесі жағдайларда жүзеге асады:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталғанда;
- 2) өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартса, жалтарса;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы Маңғыстау облысы бойынша ең төменгі күнкөріс деңгейінен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

29. Әлеуметтік көмек көрсетуге шығыстарды қаржыландыру "Жергілікті уәкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша, ағымдағы қаржылық жылда Бейнеу ауданының бюджетінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асады.

29-1. Зиярат етушілер әлеуметтік көмекті алу үшін зияратқа барып келгеннен кейін уәкілетті органға өтінішке қоса төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) өтініш берушінің ҰОС-да қаза тапқан майдангермен туыстық қатынастарын растайтын құжаттарды;

2) майдангердің жерленген орнын растайтын құжат, анықталған жерлеу орындарына бару жөніндегі шақырушы тараптың шақыру хаты, мұрағаттық анықтамалар;

3) өтініш берушінің жеке басын растайтын құжатты;

4) өтініш берушінің мекен-жай анықтамасы;

5) банк шоты нөмірін растайтын құжатты;

6) пайдаланылған жол жүру құжаттарын не оларды сатып алғандығын растайтын жол жүру құжаттарын беретін ұйымдардың анықтамасын;

7) қонақ үйде немесе басқа жерде тұрғанын растайтын құжаттарды.

Ескерту. Шешім 29-1 тармақпен толықтырылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

29-2. Зиярат етуге біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау туралы арнаулы комиссия төлемнің мөлшерін көрсете отырып шешім қабылдайды.

Ескерту. Шешім 29-2, тармақпен толықтырылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

29-3. Уәкілетті орган зиярат етуге біржолғы көмек тағайындау туралы арнайы комиссия шешімі негізінде әлеуметтік көмекті өтініш берушінің екінші деңгейдегі банктегі жеке шотына ақша қаражатын аудару арқылы көрсетеді.

Ескерту. Шешім 29-3 тармақпен толықтырылды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 29.06.2015 № 32/230 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Көрсетілетін әлеуметтік көмекті тоқтату және қайтару үшін негіздер

30. Әлеуметтік көмек мына жағдайларда:

1) алушының қайтыс болғанда;

2) алушы тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұруға кеткенде;

3) алушыны мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жібергенде;

4) алушы ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген жағдаяттар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

31. Артық төленген сомалар ерікті немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзгеше тәртіппен қайтаруға жатады.

5. Қорытынды ережелер

32. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі есепке алуды уәкілетті орган "Е-Собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерекқорын пайдалана отырып жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 1 қосымша

--

Отбасын тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасының құрамы туралы мәліметтер

_____ (
өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекен-жайы, тел.)

№ p/c/	Отбасы мүшелерінің Т. А. Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатынасы	Туған күні мен жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасының құрамы туралы
мәліметтерді куәландыруға уәкілетті
органның лауазымды
адамының Т. А. Ә. _____
(қолы)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 2 қосымша

**Өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТІСІ**

20__ ж. " ____ " _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

2. Тұратын мекен-жайы _____

3. Өтініш берушіні әлеуметтік көмек көрсету үшін хабарласуға себеп болған
өмірлік қиын жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам,
оның ішінде:

№ №	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатысы	Жұмыс- пен қамты- луы (жұмыс, оқу орны)	Жұмыс- пен қамтыл- мауының себебі	Қоғамдық жұмыстарға қатысуы кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілгін арттыру) туралы мәліметтер	Өмірлік қиын жағдай

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелген жұмыссыз адам
саны _____

Балалардың саны _____ адам, оның ішінде:

жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам,
жылына оқу құны _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, Ұлы Отан соғысы
мүгедектерінің, Ұлы Отан соғысы қатысушылары мен мүгедектеріне
теңестірілгендердің, зейнеткерлердің, қарт адамдардың, 80 жастан асқандардың,
әлеуметтік маңызды аурулармен ауыратындардың (қатерлі ісік, туберкулез,
иммундық тапшылық вирусы) мүгедектердің, мүгедек балалардың болуы (
санаттарды көрсету немесе басқа санатты қосу) _____

5. Өмір сүру жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын
үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге
көрсету керек) _____

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар

Отбасының табысы:

№	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			Орта есеппен айына	бір тоқсанда	

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түсетін табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі).

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі

Тұратын жерінің санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы _____

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

(өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы)

Тексеру жүргізуден бас тартамын _____ Т.А.Ә. және өтініш берушінің (немесе отбасының мүшелерінің бірінің) қолы, күні

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Әлеуметтік көмек көрсетудің,
оның мөлшерін белгілеудің
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындаудың
Қағидасына 3 қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

20 __ ж. " ____ "

Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидасына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, материалдық жағдайын тексеру нәтижелері негізінде отбасына өмірлік қиын жағдай туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсету

_____ туралы

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы)

қорытынды шығарды

Комиссия төрағасы: _____

Комиссия мүшелері: _____

(қолдары) (Т.А.Ә.)

_____ дана қоса берілген құжаттармен қорытынды

20 __ ж. " ____ " _____ қабылданды

Құжаттарды қабылдаған кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы:

Бейнеу аудандық мәслихатының
2013 жылғы 25 қарашадағы № 18/120
шешімімен бекітілген

Бейнеу ауданында шартты ақшалай көмек көрсетудің Қағидалары

Ескерту. Қағиданың барлық мәтіні бойынша: "кент" сөзі алып тасталды; Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.06.2016 № 3/23 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы шартты ақшалай көмекті көрсетудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына және "2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 29/208 Бейнеу аудандық мәслихатының шешіміне сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар шартты ақшалай көмек көрсетудің тәртібін айқындайды.

3. Ағымдағы қаржыны пайдалану Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) арнаулы әлеуметтік қызметтер – өмірде қиын жағдайға тап болған адамға (отбасына) туындаған әлеуметтік проблемаларды еңсеру үшін жағдайларды

қамтамасыз ететін және олардың қоғам өміріне қатысуына басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған көрсетілетін қызметтер кешені;

2) ассистенттер – шартты ақшалай көмек алу үшін ауыл, ауылдық округ әкіміне (бұдан әрі – ауылдық округ әкімі) жүгінген үміткермен консультациялар өткізу, әңгімелесу, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын іске асыру кезеңінде адамды (отбасын) сүйемелдеу, атқарылған жұмыс туралы мониторинг жүргізу және есеп жасау үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі шарт негізінде тартатын адамдар;

3) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар – шартты ақшалай көмек алу үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгінген үміткермен консультациялар өткізу, әңгімелесу, отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын іске асыру кезеңінде адамды (отбасын) сүйемелдеу, атқарылған жұмыс туралы мониторинг жүргізу және есеп жасау үшін жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі шарт негізінде тартатын, халықты әлеуметтік қорғау, ауыл шаруашылығы органдары мен ұйымдарының және өзге де ұйымдардың мамандарымен өзара іс-қимыл жасайтын адамдар;

4) әлеуметтік келісімшарт – жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын Қазақстан Республикасының жұмыссыз, өз бетінше жұмыспен айналысатын және табысы аз азаматтары қатарындағы жеке тұлға мен халықты жұмыспен қамту орталығы арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

5) жан басына шаққандағы орташа табыс – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

6) жүгінген күні – барлық қажетті құжаттармен уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініш берілген ай;

7) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы облыста белгіленген кедейлік шегінен төмен жеке тұлғаларға (отбасыларға) мемлекет ақшалай нысанда беретін төлем;

8) облыстың уәкілетті органы – Маңғыстау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы;

9) отбасыға көмектің жеке жоспары (бұдан әрі – жеке жоспар) – уәкілетті орган өтініш берушімен бірлесіп әзірлеген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және (немесе) әлеуметтік бейімдеу бойынша іс-шаралар кешені;

10) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты – "Өрлеу" жобасына қатысу үшін отбасы атынан әрекет ететін еңбекке қабілетті жеке тұлға мен уәкілетті орган арасындағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім;

11) отбасының жиынтық табысы – Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеу ережесіне сәйкес есептелетін, шартты ақшалай көмек тағайындауға жүгінген айдың алдындағы 3 айда ақшалай, сол сияқты заттай нысанда алынған табыстың жалпы сомасы;

12) "Өрлеу" жобасы – отбасының (адамның) еңбекке қабілетті мүшелерінің жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасына (адамға) шартты ақшалай көмек беру бағдарламасы;

13) өтініш беруші – "Өрлеу" жобасына қатысу үшін өз атынан және отбасы атынан өтініш білдірген адам;

14) уәкілетті орган - "Бейнеу аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі ;

15) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнайы комиссия;

16) үміткер – "Өрлеу" жобасына қатысу үшін өз атынан және отбасы атынан жүгінген адам;

17) шартты ақшалай көмек (бұдан әрі – ШАК) – отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарт талаптары бойынша жан басына шаққандағы орташа айлық табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан төмен жеке тұлғаларға немесе отбасыларға мемлекет беретін ақшалай нысандағы төлем.

Ескерту. 4 - тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.06.2016 № 3/23 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2.Шартты ақшалай көмекті төлеу тәртібі

5. Шартты ақшалай көмекті төлеуге бөлінген қаражаттар:

1) ШАК төлеуге;

2) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттердің қызметтеріне ақы төлеуге;

3) баспасөз өнімдерін, оның ішінде ақпараттық-түсіндірмелік сипаттағы өнімдер дайындауға пайдаланылады.

6. Алынып тасталды - Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.06.2016 № 3/23 шешімімен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

7. ШАК еңбекке қабілетті отбасы мүшелерінің (адамның) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуы және қажет болған жағдайда, еңбекке қабілеттілерін қоса алғанда, отбасы мүшелерінің (адамның) әлеуметтік бейімделуден өтуі шартымен отбасына (адамға) беріледі.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын және ШАК төленетін кезеңде атаулы әлеуметтік көмек төлеу тоқтатылады.

8. Отбасының әрбір мүшесіне (адамға) арналған ШАК мөлшері отбасының (адамның) жан басына шаққандағы табысы мен облыста белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 60 пайызы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Бұл ретте, жан басына шаққандағы табысы кедейлік шегінен төмен отбасына (адамға) ШАК төлеу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

отбасының жан басына шаққандағы табысы мен облыста белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 4 наурыздағы №133 қаулысымен бекітілген "Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2016 жылға арналған республикалық бюджеттен "Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмекті ендіруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларының" 10 тармағына сәйкес қаржыландырылады;

Жан басына шаққандағы орташа табыс ШАК тағайындауға жүгінген айдың алдындағы 3 айда алынған жиынтық табысты отбасы мүшелерінің санына және үш айға бөлу арқылы есептеледі және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзім ішінде қайта қаралмайды.

Отбасының құрамы өзгерген жағдайда, ШАК мөлшері көрсетілген мән-жайлар орын алған кезден бастап, бірақ оны тағайындаған кезден кейін ғана қайта есептеледі.

ШАК отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты қолданылатын мерзімге беріледі және үміткердің өтініші бойынша ай сайын немесе үш ай үшін бір мезгілде төленеді.

ШАК-тың біржолғы сомасы бұрынғы қарыздарды өтеуге, тұратын жылжымайтын мүлік сатып алуға, сондай-ақ сауда саласындағы қызметтерді жүзеге асыруға арналған шығындардан басқа, әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға байланысты іс-шараларға ғана, оның ішінде жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға (үй малын, құсын және т.б. сатып алу), жеке кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыруға қолданылуға тиіс.

Ескерту. 8 - тармаққа өзгерістер енгізілді – Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 23.06.2016 № 3/23 шешімімен(жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

9. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту, ауылдық кәсіпкерлікті дамыту, оқыту және ерікті қоныс аудару, сондай-ақ "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген өзге де шаралар арқылы отбасының еңбекке қабілетті мүшелерін жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді көздейді.

10. Отбасы мүшелерін (адамды) әлеуметтік бейімдеу олардың жеке мұқтаждығына байланысты "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді, сондай-ақ жергілікті бюджет қаражаты есебінен қарастырылған әлеуметтік қолдаудың өзге де шараларын көздейді.

11. Үміткер "Өрлеу" жобасына қатысу үшін жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе ол болмаған жағдайда ауылдық округ әкіміне жүгінеді.

12. Уәкілетті орган, ауылдық округ әкімі не ассистент үміткерге "Өрлеу" жобасына қатысу шарттары туралы консультация береді және үміткер қатысуға келісім берген жағдайда әңгімелесу жүргізеді.

Әңгімелесу жүргізу кезінде:

- 1) үміткердің ШАК алуға құқығы;
- 2) отбасы мүшелеріне олардың жеке мұқтаждықтары ескеріле отырып көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтердің түрлері;
- 3) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шаралары айқындалады.

Әңгімелесу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес әңгімелесу парағы ресімделеді.

13. Әңгімелесу парағына қол қойған үміткер "Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш пен осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша отбасылық және материалдық жағдайы туралы сауалнама толтырады, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жеке басын куәландыратын құжат;
- 2) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасы құрамы туралы мәліметтер;
- 3) отбасы мүшесіне (қажет болған кезде) қамқоршылықтың (қорғаншылықтың) белгіленгенін растайтын құжат;
- 4) тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат немесе мекенжай анықтамасы немесе ауылдық округ әкімінің анықтамасы;
- 5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер.

14. Егер өтініш беруші жүгінген кезде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) он сегіз жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақы алушы

болып табылса, сондай-ақ оларда қамтылған ақпаратты мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алу мүмкіндігі болған кезде осы Қағидалардың 13-тармағының 3), 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

15. Осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттар:

1) ауылдық округ әкіміне жүгінген кезде – салыстырып тексеру үшін төлнұсқасы және көшірмелерді ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады;

2) уәкілетті органға жүгінген кезде – төлнұсқасы ұсынылады, олар сканерленеді және өтініш берушіге қайтарылады, ал электрондық құжаттар уәкілетті орган қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылады.

Осы Қағидалардың 13-тармағының 2), 5) тармақшаларында көрсетілген өтініш беруші толтыратын құжаттардың төлнұсқасы ұсынылады.

Уәкілетті орган құжаттардың электрондық көшірмелері мен мәліметтердің сапасын және олардың өтініш беруші ұсынған құжаттардың түпнұсқасына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

16. Өтініш беруші тиісті құжаттарды ұсынғаннан кейін оның қатысуымен уәкілетті органның қызметкері өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес мемлекеттік ақпараттық жүйелерге сұрау салуды қалыптастырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұратылған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде уәкілетті орган өтінішті осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша журналға тіркейді, содан кейін өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы белгісі бар үзбелі талон беріледі.

17. Уәкілетті орган немесе ауылдық округ әкімі құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде іс макетін қалыптастырады және "Өрлеу" жобасына қатысуға үміткер өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияларға береді.

18. Учаскелік комиссиялар құжаттар келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушінің материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тексеру актісін жасайды, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша учаскелік комиссияның қорытындысын дайындайды және оны уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне береді.

19. Ауылдық округ әкімі өтініш берушілердің құжаттарын учаскелік комиссияның қорытындысымен қоса, олар қабылданған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға береді.

20. Уәкілетті орган:

1) құжаттарды ауылдық округ әкімінен немесе учаскелік комиссиядан алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде өтініш беруші ұсынған өтініштің, құжаттардың электрондық көшірмелері бар өтініш берушінің электрондық іс макетін қалыптастырады, отбасының әрбір мүшесіне арналған ШАК-тың айлық мөлшерін айқындайды;

2) ШАК-ке құқығы айқындалғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 24-тармағында көзделген жағдайларды және 1, 2-топ мүгедектерін, оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттарды және күндізгі оқу нысанындағы магистранттарды қоспағанда, өз бетінше жұмыспен айналысушылар, жұмыссыздар санатына жатқызылған өтініш берушіні және (немесе) отбасы мүшелерін "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысуға әлеуметтік келісімшарт жасау үшін жұмыспен қамту орталығына жібереді не жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің өзге де шараларына жолдама береді.

Бұл ретте, уәкілетті орган жіберілген адамдардың тізімін жұмыспен қамту орталығына береді. Жұмыспен қамту орталығы үміткерлердің тізімін алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік келісімшарт (келісімшарттар) жасасады және әлеуметтік келісімшарттың (келісімшарттардың) көшірмесін уәкілетті органға жібереді;

3) әлеуметтік келісімшарттың (келісімшарттардың) көшірмесін алғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде өтініш берушіні және (немесе) оның отбасы мүшелерін жеке жоспарды және денсаулық сақтау және әлеуметтік даму саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін нысандарға сәйкес отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау үшін шақырады;

4) отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты жасалған күні осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды және ШАК тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда, өтініш берушіге осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту туралы (себептерін көрсете отырып) хабарлама жібереді.

21. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және әлеуметтік бейімдеу жөніндегі іс-шараларды қамтитын (отбасында осындай бейімделуге мұқтаж адам болған жағдайда) жеке жоспар өтініш берушімен және оның отбасы мүшелерімен бірлесіп жасалады және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты тараптардың "Өрлеу" жобасына қатысу міндеттемелерін, сондай-ақ скринингтік тексеруден өтуге, әлеуметтік мәні бар аурулардан (маскүнемдік, нашақорлық, туберкулез)

емделуге бейімділігі, жүктіліктің 12 аптасына дейін әйелдер консультациясына тіркеуге тұру және жүктіліктің барлық кезеңінде бақылауда болу бойынша міндеттемелерді қамтиды.

22. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты алты айға, бірақ отбасы мүшелерінің әлеуметтік бейімделуін ұзарту қажет болған және (немесе) отбасының еңбекке қабілетті мүшелері кәсіптік оқуын аяқтамаған және (немесе) жастар практикасынан өткен және (немесе) әлеуметтік жұмыс орындарында жұмыспен қамтылған жағдайда бір жылдан асырмай алты айға ұзарту мүмкіндігімен жасалады.

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты ұзартылған жағдайда, ШАК мөлшері қайта қаралмайды.

23. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты екі данада жасалады, оның біреуі өтініш берушіге осы Қағидаларға 12-қосымшағасәйкес нысан бойынша тіркеу журналына қол қойғызып беріледі, екіншісі – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде сақталады.

24. Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысу: стационарлық, амбулаторлық емделу (тиісті медициналық ұйымдардан растайтын құжаттар ұсынған кезде) кезеңінде;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік шараларына қатысатын негізгі үміткерден (үміткерлерден) басқа, адамдардың үш жасқа дейінгі балаға, он сегіз жасқа толмаған мүгедек балаға, бөгде адамның күтімі мен көмегіне мұқтаж бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, сексен жастан асқан қарттарға күтім жасауды жүзеге асыру жағдайларын қоспағанда, отбасының еңбекке қабілетті мүшелері үшін міндетті шарт болып табылады.

25. Уәкілетті орган ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімдердің негізінде алушыға ШАК төлеуге қоюды жүзеге асырады.

26. ШАК тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама өтініш беруші уәкілетті органға немесе ауылдық округ әкіміне өзі келген кезде беріледі.

27. ШАК төлеуді уәкілетті орган алушылардың банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырады.

28. Уәкілетті орган ШАК төлемдерін осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шешімнің негізінде тоқтатады.

ШАК төлемдерін тоқтату мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) "Өрлеу" жобасына қатысушының отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты мен әлеуметтік келісімшарт бойынша міндеттемелерін орындамауы;

2) жалған мәліметтер беруіне байланысты отбасының белсенділігін арттыру әлеуметтік келісімшартының бұзылуы;

3) ШАК алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісі туралы мәліметтердің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;

4) қайтыс болған немесе қайтыс болды деп жарияланған адамдар туралы мәліметтердің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан келіп түсуі;

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы ұсынатын хабарсыз кеткен, іздеуде жүрген адамдар фактісінің, оның ішінде "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорынан анықталуы;

6) қамқоршылықтан (қорғаншылықтан) босатылған және шеттетілген адамдар туралы мәліметтердің түсуі.

Бұл ретте, ШАК-ты заңсыз тағайындауға әкеп соқтырған жалған мәліметтер ұсынғаны анықталған жағдайда адамға (отбасына) ШАК төлеу оның тағайындалу кезеңіне тоқтатылады. Артық төленген сомалар ерікті түрде, ал бас тартқан жағдайда сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

29. Уәкілетті орган ШАК алушылар бойынша қолда бар деректердің негізінде ШАК төлеуге бюджеттік қаражат қажеттілігін қалыптастырады.

30. Жұмыспен қамту орталығы "Жұмыспен қамту" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің базасында әлеуметтік келісімшарттардың орындалуына ай сайын және тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

31. Ассистенттер ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша отбасының белсенділігін арттыруды әлеуметтік келісімшартын сүйемелдеу туралы есепті уәкілетті органға ұсынады.

32. Уәкілетті орган "Әлеуметтік көмек" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен, әлеуметтік-еңбек саласының бірыңғай ақпараттық жүйесінен, Жұмыспен қамту орталығынан алынған ақпараттардың, сондай-ақ ассистенттерден алынған есептердің негізінде жасалған отбасының белсенділігін арттырудың келісімшарттары мен әлеуметтік келісімшарттарға, сондай-ақ азаматтардың ШАК-пен қамтылуына ай сайын мониторинг жүргізеді және облыстың уәкілетті органына ақпаратты осы Қағидаларға 15, 16, 17-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша есепті айдан кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей ұсынады.

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 1-қосымша

"Өрлеу" жобасына қатысу үшін әңгімелесу парағы

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының Т.А.Ә. _

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек алуға жүгінген күн _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) сипаттамасы: _____

Отбасының жұмыс істемейтін ересек мүшелерінің еңбек қызметі (жұмыс орны, лауазымы, жұмыстан шығу себептері):

Еңбек қызметінің мүмкіндіктері (пікір):

Өтініш беруші: _____

Зайыбы (жұбайы): _____

Отбасының басқа да ересек мүшелері:

Отбасы мүшелері	Кәсібі	Соңғы жұмыс орны, жұмыстан шығу себептері	Жалпы жұмыс өтілі	Соңғы жұмыс орнындағы жұмыс өтілі	Еңбек дағдылары мен шеберлігі	Жұмыссыздық кезеңінің ұзақтығы
Өтініш беруші						
Зайыбы (жұбайы)						
Басқа ересектер						

Отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас _____

Отбасындағы қиындықтар _____

Отбасының мүмкіндіктері (әлеуеті) – жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының бағасы _____

Проблемалар, алаңдаушылық (бүгінгі күннің қиындықтары), не кедергі келтіреді _____

Отбасының (жалғыз тұратын азаматтың) қалауы _____

Басқа _____

Тараптардың қолы

Жұмыспен қамту және әлеуметтік Қатысушы (лар)
бағдарламалар бөлімі

_____ (қолы) _____ (қолы)
_____ (күні) _____ (күні)

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 2-қосымша

"Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш

_____ (елді мекені, ауданы, облысы)

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне

(елді мекені, ауданы)

(көше, үй және пәтер №, телефон)

мекенжайы бойынша тұратын

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

жеке куәлік № _____

берілген күні _____

ЖСН _____

Өтініш

Мені (менің отбасымды) жобаға қабылдауды және отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарты негізінде шартты ақшалай көмек тағайындауды сұраймын.

Осы арқылы жобаға қатысу заңдылығын бағалау үшін менің отбасымның мүшелері туралы ақпаратты (табыс, білім, негізгі қаражат) пайдалануға, сондай-ақ тиісті ақпаратты мемлекеттік органдарда тексеруге, сәйкестікке келтіруге және жаңартуға келісім беремін.

Мен берген ақпараттың құпия екендігі және ол әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру үшін ғана пайдаланылатыны туралы маған хабарланды.

Менің отбасым (мені қоса алғанда) _____ адамнан тұрады.

Отбасы құрамында өзгерістер болған жағдайда, ол туралы он бес жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық туралы маған ескертілді.

Мен атаулы әлеуметтік көмектен (отбасы атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылған жағдайда) бас тартамын және менің табыстарымды (менің отбасымның табыстарын) Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығының базасындағы деректермен салыстырып тексеруге келісемін.

Құқығым болған жағдайда маған және менің отбасымның мүшелеріне бір мезгілде мынадай көмектерді көрсетуіңізді сұраймын:

тұрғын үй көмегі

арнайы әлеуметтік қызметтер

мүгедектерді жеке оңалту шаралары (сурдотехникалық, тифлотехникалық, протездік-ортопедиялық құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, ымдау тілі маманының, жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтерін көрсету

жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша әлеуметтік көмек

" ____ " _____ 20 ____ ж. _____

(күні) (өтініш берушінің қолы)

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметтік
белгілері үшін _____

_____ Құжаттар қабылданды

" ____ " _____ 20 ____ ж. _____

күні) (құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

Отбасының тіркеу нөмірі ||

Өтініш қоса берілген құжаттармен " ____ " _____ 20 ____ ж. учаскелік
комиссияға берілді.

" ____ " _____ 20 ____ ж. қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған учаскелік комиссия мүшесінің Т.А.Ә. және қолы

____; Өтініш берушінің қолы _____

Кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттардың қабылданған күні туралы
уәкілетті органның белгісі " ____ " _____ 20 ____ ж.

Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы

(қию сызығы)

Жалған ақпарат пен дәйексіз (жасанды) құжаттар бергенім үшін жауаптылық
туралы ескертілді.

Азамат _____ өтініші қоса берілген _____
данадағы құжаттармен, отбасының _____ тіркеу нөмірімен " ____ " _____
20 ____ ж. қабылданды.

Құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы, қолы

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 3-қосымша

**"Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш берушінің отбасылық және
материалдық жағдайы туралы сауалнама**

Бір мекенжай бойынша тіркелген өтініш беруші мен отбасы мүшелері туралы мәліметтер:					
T.A.Ә.	Туған күні	Туыстық қатысы	Негізгі қызметі (жұмыс істеуші, жұмыс істейтін зейнеткер, жасына байланысты зейнеткер, мүгедек, жұмыссыз, бала күтімі бойынша демалыста, үй шаруасындағы әйел, студент, оқушы, мектеп жасына дейінгі бала)	Жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс орны және лауазымы, оқушылар үшін қазіргі уақыттағы оқу орны	15 жастан асқан адамдар үшін білімі (растайтын құжаты бар білімі)
		Өтініш беруші			
Басқа мекенжай бойынша тіркелген отбасы мүшелері туралы мәліметтер (зайыбы/жұбайы, кәмелеттік жасқа толмаған балалары)					

Мектеп жасына дейінгі балалар мектепке дейінгі ұйымға бара ма _____

Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің шартты ақшалай көмек алуға өтініш берген айдың алдындағы 12 айдағы табыстары туралы мәліметтер (табыстың барынша дәл санын жазыңыз). Ақпараттық жүйелерден алынған деректер шартты ақшалай көмек сомасын есептеу үшін негіз болып табылады.								
P/с №	Өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің T.A.Ә.	Жұмыс, оқу орны (жұмыссыз адам тіркеу фактісін жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органның анықтамасы негізінде растайды)	Құжаттармен расталған кіріс сомасы		Қосымша табыс көздері			
			еңбек қызметінен түскен табыстар	Зейнетақылар, жәрдемақылар	кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар	стипендия	алимент	өзге де табыстар

* Отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайы:

тұрғын алаңы: _____ шаршы метр; меншік нысаны: _____;

ас үй, қойма және дәлізді есептемегенде бөлмелер саны _____;

тұрғын үйдің сапасы (қалыпты жағдайда, ескі, авариялық жағдайда, жөнделмеген); қажеттісінің астын сызу

үйдің материалы (кірпіш, ағаш, қаңқа-қамыстан жасалған, саман, іргетасы жоқ саман, қол астындағы материалдардан салынған, уақытша баспана, киіз үй); қажеттісінің астын сызу

тұрғын үйдің жайластырылуы (су құбыры, дәретхана, кәріз, жылу, газ, жуынатын бөлме, лифт, телефон және т.б.) қажеттісінің астын сызу

Менің отбасымның мүшелеріне меншік құқығында тиесілі жылжымайтын мүлік пен мүлік, жер учаскесін, шаруа қожалығын, жеке қосалқы шаруашылықты иеленуі туралы мәліметтер:

Мүліктің түрі	Мүліктің сипаттамасы (саны, көлемі, үлгісі және т.б.)	Тиесілігі

Отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы, мүгедектіктің, аурулардың болуы (тексеруден қашан және қайдан өтті, қандай ем қабылдайды, диспансерлік есепте тұра ма), соңғы жылдары болған операциялар немесе жарақаттар:

өтініш беруші _____

зайыбы (жұбайы) _____

балалар _____

басқа да туыскандар _____

16 жасқа дейінгі мүгедек бала (16 жасқа дейінгі мүгедек балалар) алатын арнаулы әлеуметтік қызметтер: _____

Отбасының материалдық жағдайына Сіздің беретін бағаңыз:

тамақтануға да жетпейді

тамақтануға ғана жетеді

тамақтануға және бірінші қажеттіліктегі заттарға ғана жетеді

балаларды киіммен, аяқ киіммен және мектеп керек-жарақтарымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жоқ

Өмірдегі қиын жағдайдан шығуды көздейтін қызметтің бағыттары (өтініш берушінің пікірі)

Сіз жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің қандай белсенді шараларына қатыса аласыз:

- бос тұрған жұмыс орындарына жұмысқа орналасу
- іске асырылатын инфрақұрылымдық жобалардың шеңберінде жұмыс орындарына орналасу
- микрокредит беру
- кәсіптік оқу (даярлау, қайта даярлау, біліктілікті арттыру)
- әлеуметтік жұмыс орнына жұмысқа орналасу
- "Жастар практикасына" қатысу
- әлеуметтік-экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден әлеуметтік-экономикалық әлеуеті жоғары елді мекендерге және экономикалық даму орталықтарына қоныс аударуға қатысу

(күні) (Т.А.Ә.) (қолы)

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 4-қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

(Өтініш берушінің Т.А.Ә.) (үйінің мекенжайы, тел.)

Р/с №	ЖСН	Отбасы мүшелерінің Т.А.Ә.	Өтініш берушіге туыстық қатысы	Туған жылы

Өтініш берушінің қолы _____ Күні _____

Отбасы құрамы туралы мәліметтерді растауға

уәкілетті органның лауазымды адамының Т.А.Ә _____
(қолы)

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің қағидаларына
5-қосымша

Отбасының тіркеу нөмірі _____

Жеке қосалқы шаруашылығының бар-жоғы туралы мәліметтер(табыстарды есептеу үшін)

Жеке қосалқы шаруашылық объектісі	Өлшем бірлігі	Саны	Ж а с ы (үй малы, құс үшін)
Саяжай			
Бақша			
Жер учаскесі, оның ішінде үй іргесіндегі жер учаскесі			
Шартты жер үлесі			
Мүліктік пай (берілген жылы)			
Үй малы, құс:			
ірі қара мал: сиыр, бұқа			
жылқы: бие, айғыр			
түйе, інген			
қой, ешкі			
тауық, үйрек, қаз			
шошқа			

Өтініш берушінің қолы _____

Күні _____

Кент, ауыл, ауылдық округ немесе

жеке қосалқы шаруашылықтың көлемі

туралы мәліметтерді растау уәкілеттіорганның

өзге де лауазымды адамының Т.А.Ә. _____

(қолы) (тегі)

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 6-қосымша

Мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салу

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өтініш берушіден шартты ақшалай көмек тағайындауға құжаттарды қабылдаған кезде өтініш берушінің және отбасы мүшелерінің ЖСН-і бойынша "электрондық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – АЖ) мынадай:

- 1) жеке басты куәландыратын;
- 2) өтініш берушінің және асырап алған балаларды, өгей және қамқоршылыққа алынған балаларды қоса алғанда, отбасы мүшелерінің тұрақты және бірге тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;
- 3) барлық балалары Қазақстан Республикасында туған жағдайда (2007 жылғы 13 тамыздан кейін туған балалары бойынша) өтініш беруші балаларының ЖСН-і бойынша тууын (қайтыс болғанын) тіркеу туралы;
- 4) өтініш берушінің (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін тіркелгендер) неке қиюын (некені бұзуын) тіркеу туралы;
- 5) балаға қамқоршылықты (қорғаншылықты) белгілеу туралы;
- 6) мүгедектікті растау туралы;
- 7) табыстары туралы (жалақы, әлеуметтік төлемдер, кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар);
- 8) шәкіртақының бар жоғы туралы;
- 9) жеке қосалқы шаруашылықтың бар жоғы және саны туралы;
- 10) дара кәсіпкердің мәртебесі туралы мәліметтерді алу үшін сұрау салуды қалыптастырады.

АЖ-дан сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттар "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың электрондық-цифрлық қолтаңбасымен, сондай-ақ шартты ақшалай көмек тағайындауға сұрау салуды жүзеге асырған жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі маманының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен кәуәландырылады.

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 7-қосымша

"Өрлеу" жобасына қатысушыға шартты ақшалай көмек тағайындауға өтініштерді тіркеу журналы

[illegible]

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 8-қосымша

"Өрлеу" жобасына қатысуға өтініш берушінің материалдық жағдайын
учаскелік комиссияның тексеру АКТІСІ

20 ____ жылғы " ____ " _____

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің Т.А.Ә.

2. Тұрғылықты жерінің мекенжайы

3. Туған күні және жері

4. Жұмыс орны, лауазымы

5. Азаматтың орташа айлық табысы

6. Отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы

7. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есепке алынады) _____
адам, оның ішінде:

Р/ с №	Т.А.Ә	Туған күні	Өтініш берушіге туыстық қатысы	Білімі	Жұмыспен қамту (жұмыс, оқу орны)	Өзін-өзі жұмыспен қамту	Жұмыс сыздық себебі	Жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту органдарында тіркелгені туралы деректер	Қоғамдық жұмыстарға, кәсіптік даярлауға (қайта даярлау, біліктілікті арттыру) немесе жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқандығы туралы мәліметтер

Еңбекке қабілетті барлығы _____ адам.

Жұмыссыз ретінде тіркелгені _____ адам.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының
Заңы 2-бабының 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген себептер бойынша
жұмыспен қамтылмағандар _____ адам.

Жұмыспен қамтылмаудың басқа да себептері (іздеуде, бас бостандығынан айыру орындарында) _____ адам.

Кәмелетке толмаған балалардың саны _____ адам, оның ішінде:
толық мемлекеттің қамтамасыз етуінде оқитындар _____ адам;
ақылы негізде жоғары және орта арнаулы білім беру орындарында оқитындар _____ адам, оқудың бір жылдық құны _____ теңге.

8. Жұмыспен қамту орталығымен бекітілген әлеуметтік келісімшарттың болуы: _____ адам:

1. (Т.А.Ә.) _____

2. (Т.А.Ә.) _____

. "Бота" қоғамдық қорынан берілетін шартты ақшалай жәрдемақыны алу:

жүкті және бала емізетін әйелдер _____ адам;

4-тен 6 жасқа дейінгі балалар _____ адам;

мүмкіндіктері шектеулі балалар _____ адам;

16-дан 19 жасқа дейінгі жастар _____ адам.

10. Баспана жағдайы (жатақхана, жалдамалы, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге) қажеттісін көрсету

Ас үй, қойма және дәлізді есептемегенде бөлмелер саны _____

Тұрғын үйді ұстауға жұмсалатын шығыстар айына _____

11. Отбасының табыстары:

Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен жылдағы табыс сомасы	Жеке қосалқы шаруашылық (аула шаруашылығы, мал және құс), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер

12. Мыналардың:

автокөліктің (маркасы, шығарылған жылы, құқық белгілейтін құжат, оны пайдаланудан түскен табыс) _____

_____ өзге тұрғын үйдің, қазіргі уақытта тұратын баспанадан басқа (оны пайдаланудан түскен табыс)

_____ бар-жоғы.

13. Отбасының өзге де табыстары (түрі, сомасы, көзі):

_____ 14. Мұқтаждықтың көрініп тұрған белгілері (жиһаздың, тұрғын үйдің, электр желілерінің жағдайы және т.б.) _____

_____ 15. Әл-ауқатын көрсететін белгілер (жерсеріктік антенна тәрелкесі, ауа баптағыш, қымбат жаңа жөндеу және т.б.) _____

_____ 16. Санитариялық-эпидемиологиялық тұру жағдайлары _____

_____ 17. Участкелік комиссияның басқа да байқағандары: _____

_____ Комиссия төрағасы:

_____ Комиссия мүшелері:

(қолы) (Т.А.Ә.)

Жасалған актімен таныстым:

Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы _____

Тексеру жүргізуден бас тартамын _____ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә. және қолы, күні (өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 9-қосымша

**Өтініш берушінің "Өрлеу" жобасына қатысуына учаскелік комиссияның
№ _____ қорытындысы " _____ " _____ 20__ ж.**

Учаскелік комиссия Қағидаларға сәйкес отбасының (өтініш берушінің)

_____ (өтініш берушінің Т.А.Ә.)
өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттардың және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде отбасын жобаға қосу _____

_____ туралы

(қажеттілігі, қажет еместігі)

қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы:

_____ Комиссия мүшелері:

_____ (қолдары) (Т.А.Ә.)

_____ данада қоса берілген құжаттармен қорытынды

" _____ " _____ 20__ ж. _____ қабылданды.

_____ құжаттарды қабылдаған кент әкімінің немесе жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 10-қосымша

Коды _____

_____ облысы (қаласы)

" ____ " _____ 20__ ж.

№ _____

Шешім

_____ (ауданы) бойынша жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

Іс № _____

Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының негізінде шартты ақшалай көмек тағайындау (мөлшерінің өзгеруі, тағайындаудан бас тарту) туралы

Өтініш беруші _____

(өтініш берушінің Т.А.Ә.)

Жүгінген күні " ____ " _____ 20__ ж.

1. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының негізінде отбасына шартты ақшалай көмек 20__ жылғы _____ бастап 20__ жылғы _____ қоса алғанда _____ теңге сомасында _____

(сомасы жазбаша)

тағайындалсын.

2. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының негізінде шартты ақшалай көмек мөлшері 20__ жылғы _____ бастап 20__ жылғы _____ қоса алғанда өзгертілсін және _____ теңге мөлшерінде белгіленсін.

(сомасы жазбаша)

Негіздеме: _____

3. _____

(негіздеме)

_____ отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартының негізінде шартты ақшалай көмек тағайындаудан бас тартылсын.

Аудандық (қалалық) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы

_____ (Т.А.Ә.) (қолы)

Шартты ақшалай көмек тағайындау жөніндегі маман

(Т.А.Ә.) (қолы)

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 11-қосымша

"Өрлеу" жобасы бойынша шартты ақшалай көмек тағайындаудан бас тарту туралы

№ _____ хабарлама " _____ " _____ 20__ ж.

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Өтініш берушінің туған күні _____

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі _____

_____ себебі (себебін
көрсету)

бойынша "Өрлеу" жобасы шеңберінде Сізге шартты ақшалай көмек тағайындаудан бас тартылғанын назарыңызға жеткізеді.

Құжаттарды қайтару күні " _____ " _____ 20__ ж.

Хабарлама жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің жоба бойынша жауапты адамының ЭЦҚ-мен куәландырылды.

Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

лауазымы Т.А.Ә. және қолы

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің қағидаларына
12-қосымша

"Өрлеу" жобасы бойынша отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын тіркеу журналы

Р/с №	Тіркеу нөмірі	Өтініш берушінің Т.А.Ә.	Мекенжайы	Сомасы	Өтініш берушінің қолы	Ескертпе

Бейнеу ауданында шартты
ақшалай көмек көрсетудің
қағидаларына 13-қосымша

						Иә	Жоқ	
--	--	--	--	--	--	----	-----	--

Жүргізілген мониторинг

№	Отбасы (адам)	Шарттардың орындалуы (иә/жоқ)	Шарттарды орындау/орындамау бойынша ескерту
1			
2			

Қосымша түсініктемелер (егер бар болса) _____

Есепті дайындаған адамның Т.А.Ә. және қолы _____

Бейнеу ауданында шартты ақшалай көмек көрсетудің қағидаларына 15-қосымша

20__ жылға жасалған отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарттары мен әлеуметтік келісімшарттар туралы есеп

Өңірлердің атауы	ШАК алуға жүгінгендер, барлығы адам		оның ішінде			Бір отбасына жасалған отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшарттарының саны, дана	Отбасының белсенділігін арттырудың келісімшарты мен қамтылған адамдардың саны, адам	оның ішінде	
	Отбасылар саны	Адам саны	АӘК алушылар қатарынан, адам	МБЖ алушылар қатарынан, адам	алғаш рет жүгінген, адам			АӘК алушылар қатарынан, адам	МБЖ алушылар қатарынан, адам
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескерпе: егер отбасы атыулы әлеуметтік көмек және мемлекеттік балалар жәрдемақысын алушы болса, онда тек атаулы әлеуметтік көмек көрсетіледі.

Бейнеу ауданында шартты ақшалай көмек көрсетудің қағидаларына 16-қосымша

20__ жылғы _____ шартты ақшалай көмек тағайындау және төлеу туралы есеп

ТАҒАЙЫНДАЛҒАН			ТӨЛЕНГЕН	

Өңірлердің атауы	Алушылардың саны, адам		сомасы, мың теңге		орташа мөлшері, теңге		алушылардың саны, адам		сомасы, мың теңге	
	отбасы	адам саны	жергілікті бюджеттен	республикалық бюджеттен	жергілікті бюджеттен	республикалық бюджеттен	отбасы	адам саны	жергілікті бюджеттен	республикалық бюджеттен
A	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бейнеу ауданында шартты ақшалай көмек көрсетудің қағидаларына 17-қосымша

20 ____ жылға шартты ақшалай көмекті алушылар туралы мәліметтер

№	аудан / облыс	отбасылардың саны	оның ішінде адам саны	соның ішінде						10 іш
				18 жасқа толмаған балалар	мүгедектер	зейнеткерлер	күндізгі оқу нысанында оқитындар	үш жасқа дейінгі баланың , мүгедекбаланың , 1 және 2 топтағы мүгедектің, қарт адамның күтімімен айналысатын адамдар	еңбекке қабілеттілері	
A	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кәсіптік бағдарлау шаралары							әлеуметтік бей
12- кестеден, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына тартылғандар	соның ішінде						4-кестеден, әлеуметтік бейімдеу шаралары көрсетілгендер
	Жұмыспен қамту орталығы арқылы ЖҚК қатысушылары	Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы					
		Тұрақты жұмыс орындарына орналастырылғандар	Әлеуметтік жұмыстар	Қоғамдық жұмыс орны	Қайта даярлау, біліктілікті арттыру	Жастар практикасы	
13	14	15	16	17	18	19	20